

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 05 сәуірдегі ҚАУЛЫСЫ

1. Әкімшілік және қаржы-шаруашылық жөніндегі проректор К.Т.Исакованың баяндамасын тыңдай және талқылай отырып,
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:

- “Абай атындағы ҚазҰПУ” КеАҚ-ның 2022 жылғы қаржы-шаруашылық қызметі туралы баяндама назарға алынсын.

2. Филология институтының директоры А.В.Таңжарықованың Abai University 2022-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясының 2022 жылы орындалуы туралы есебін тыңдай және талқылай келе, Комитет комиссиясының отырысының шешімін ескере отырып,
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:

2.1 Филология институтының 2022-2025 ж.ж. арналған Даму стратегиясының 2022 жылы орындалуы барысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2.2 Филология институтының директоры (А.В. Танжарикова), филология институтының кафедра меңгерушілері Академиялық мәселелер жөніндегі (Х.Н. Жанбеков), Білім беру бағдарламасын жобалау (А.М. Байдильниина) департаменттерімен бірлесе отырып:

- қоғамдық қажеттіліктер мен сұраныстардың өзгеруіне сәйкес қолданыстағы білім беру бағдарламаларына тұрақты түрде мониторинг жасап отыру және оларды жетілдіру, жаңа білім беру бағдарламаларын сұранысқа сәйкес ашу (оқу жоспарларын жетілдіру, жаңа ББ әзірлеу) мәселелерін назарда ұстауды;

- қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген мұғалімдерді дайындау үшін үш тілді білім беру бағдарламаларын әзірлеуді жалғастыруды (ағылшын тілін меңгерген қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілін меңгерген орыс тілі мен әдебиеті т.б.);

- шағын жинақталған мектептерге мұғалімдер дайындау үшін Minor бағдарламалары пулын әзірлеуді жалғастыруды;

- институт профессор-оқытушы құрамының авторлық бұқаралық ашық онлайн курстарын (MOOC) дайындауды жетілдіруді;

- Coursera платформасында онлайн біліктілікті арттырудан өз бетінше өтетін ПОҚ, сондай-ақ магистранттар мен докторанттар санын ұлғайту мақсатында жұмыстар жүргізуді қамтамасыз етсін.

2.3 Зерттеу қызметі жөніндегі проректор Е.Ә.Бөрібаевқа, Филология институтының директоры А.В. Танжариковаға, Филология институтының кафедра меңгерушілеріне:

- Университет білімалушыларын ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді тарту мақсатынд студенттердің стартап-жобаларын іске асыру жұмыстары қолға алынсын;

- докторанттардың уақтылы қорғауға шығуын қамтамасыздандыру мақсатында университетішілік реттеу құжаттарын жасауға арналған Ғылым департаментінің жетекшілігімен жұмыс тобы құрылсын.

2.4 Филология институтының директоры (А.В. Танжарикова), филология институтының кафедра меңгерушілері Академиялық мәселелер жөніндегі (Х.Н. Жанбеков), Халықаралық байланыс (Ж.О.Байназар) департаменттерімен бірлесе отырып институттағы білім беру бағдарламаларына шетелдік талапкерлерді тарту мақсатындағы үгіт-насихат жұмыстарды күшейтсін.

2.5 Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Ш.Н.Нұрлановқа, Филология институтының директоры А.В. Танжариковаға, Филология институтының тәрбие жетекшілеріне:

- Филология институтының студенттерін кәсіби репетиторлыққа, балаларды олимпиадаларға дайындауға, жалпы мектептік тәрбие іс-шараларын ұйымдастыруға, қиын жасөспірімдермен жұмыс істеуге, Speaking Club-та қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қарым-қатынас дағдыларын дамытуға тарту жұмыстары жалғастырылсын;
- институт білім алушыларының Халықаралық «Enactus Kazakhstan» ұйымының студенттік кәсіпкерлік, стартаптар және инновациялар жобасына қатысуына қолдау көрсетілсін.

2.6 Филология институтының директоры А.В. Танжариковаға, Филология институтының директор орынбасарларына:

- Институт студенттері үшін дәрісханалар, жайлы қоғамдық кеңістіктер мен коворкингтік аймақтар, демалыс аумағын құру жұмысы жетілдірілсін.

3. Филология институтының директоры К.Д.Қаймулдинованың Abai University 2022-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясының 2022 жылы орындалуы туралы есебін тыңдай және талқылай келе, Комитет комиссиясының отырысының шешімін ескере отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

3.1. Жаратылыстану және география институтының 2022-2025 ж.ж. арналған Даму стратегиясының 2022 жылы орындалуы барысы қанағаттанарлық деп танылсын.

3.2 Жаратылыстану және география институтының директоры (К.Д. Каймулдинова), Жаратылыстану және география институтының кафедра меңгерушілері, Академиялық мәселелер жөніндегі (Х.Н. Жанбеков), Білім беру бағдарламасын жобалау (А.М. Байдильнина) департаменттерімен бірлесе отырып:

- қазіргі заманғы білім беру жүйесінің даму тенденцияларына, қоғам қажеттіліктері мен жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкес институттағы білім беру бағдарламаларын дамыту, оларды жетілдіру мен сұранысқа ие жаңа бағдарламалар ашу мәселелерін ұдайы қадағалауды;
- халықаралық байланыстарды жетілдіру негізінде қос дипломдық және бірлескен білім бағдарламаларын әзірлеп, жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізуді;
- бакалавриат деңгейінде педагогикалық білім бағдарламаларында жекелеген топтарда үш тілде білім беруді енгізу бойынша жұмыстар жүргізуді;
- кафедраларда жалпы ашық онлайн курстарын (MOOC) дайындау арнайы жоспарлау негізінде жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3.3 Зерттеу қызметі жөніндегі проректор Е.Ә.Бөрібаевқа, Жаратылыстану және география институтының директоры К.Д. Каймулдиноваға, Жаратылыстану және география институтының кафедра меңгерушілеріне:

- Институттағы қолданбалы зерттеулерді жетілдіру мақсатында білімалушылардың стартап-жобаларын ақпараттық қолдау бойынша жұмыстар жүзеге асырылсын;
- институттың ғылыми әлеуетін одан әрі күшейту бағытында талантты жас ғалымдарды тарту, сертификаттаудан өткен І ғылыми-зерттеу зертханасын құру мүмкіндігі қарастырылсын;
- бірлескен жобалар әзірлеу, жас ғалымдарды ғылыми тағылымдамадан өткізу мақсатында Халықаралық рейтингтердегі үздік шетелдік университеттермен, Назарбаев университетімен ғылыми ынтымақтастықты арттыру жұмыстары жалғастырылсын;

- ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау жұмысын жетілдіру мақсатында кафедралар тарапынан магистранттар мен докторанттардың диссертациялық зерттеулерінің сапасын арттыруға, зерттеу нәтижелерінің жарияланымдарына мониторинг жасау ерекше назарға алынсын.

3.4 *Жаратылыстану және география институтының директоры (К.Д. Каймулдинова), Жаратылыстану және география институтының кафедра меңгерушілері, Академиялық мәселелер жөніндегі (Х.Н. Жанбеков), Халықаралық байланыс (Ж.О.Байназар) департаменттерімен бірлесе отырып:*

- Институттағы шетелдік студенттер үлесін арттыру мақсатында ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларына шетелдік талапкерлерді тарту бағытындағы жұмыстарды күшейтуді;
- Педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына Өзбекстан Республикасынан талапкерлерді тарту жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуді қамтамасыз етсін.

3.5 *Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Ш.Н.Нұрлановқа, Жаратылыстану және география институтының директоры К.Д. Каймулдиноваға, Жаратылыстану және география институтының кафедра меңгерушілеріне:*

- Институттың білім алушыларының кәсіби дайындығын арттыру, қоғамға қызмет етуге баулу мақсатында мектеп оқушыларымен жүргізілетін жұмыстарға кеңінен қамту жұмыстары жалғастырылсын;
- студенттік клубтар мен бастамашыл жобалардың белсенді түрде жүзеге асырылуына қолдау жасау назарға алынсын.

3.6 *Жаратылыстану және география институтының директоры К.Д. Каймулдиноваға, Жаратылыстану және география институтының кафедра меңгерушілеріне:*

- Институттың материалдық-техникалық әлеуетін арттыру бағытында молекулярлық биология бойынша қазіргі заманғы ғылыми зертхана жабдықтау, оқу зертханаларың санын арттыру, агробиостанцияны іске қосу жұмыстары жоспарлансын.

4. *Оқу ісі жөніндегі проректорына (Г.С.Джарасова):*

- университетке талапкерлерді тарту бойынша кәсіби бағдар жұмыстары бойынша жиналыс өткізсін;
- республикамыздағы басқа жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы мен академиялық мәселелер бойынша құрылымдық бөлімшелер мамандары үшін біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін

5. Әртүрлі/Біліктілік істер.

6. Осы шешімдердің орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор *Г.С.Джарасоваға* жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Д. Билялов

Д. Билялов

Ж. Битибаева

Ж. Битибаева